

2016 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аудандар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 92 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 сәуірде № 3723 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына және "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2016 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аудандар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 207 "2015 жылы бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3248 болып тіркелген, 2015 жылы 23 шілдеде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Тұяқбаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Б.Атамқұлов

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А.Мамытбеков

"30" наурыз 2016 жыл

Д.Сатыбалды

Б.Жылқышиев

С.Қаныбеков

Е.Садыр

С.Тұяқбаев

А.Абдуллаев

К.Мендебаев

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі
№ 92 қаулысына қосымша

**2016 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының
тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аудандар
бойынша және дақылдар бөлінісінде**

килограмм/гектар

№ р/с	Қала, аудан атауы	Дақылдар										
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
		Бидай	Арпа	Күріш	Жүгері (будан)	Мақсары	Мақта	Картоп	Бұршақты көпжылдық шөптер	Күнбағыс сорт	Күнбағыс (будан)	Бұшақты дақылдар
1	Арыс қаласы	7,230	6,072		22,100	0,427	1,292		11,700			
2	Бәйдібек	7,121	6,071		17,333	0,459			11,700	0,174	14,313	
3	Қазығұрт	7,174	6,026		20,800	0,442		157,560	10,400	0,167	15,590	11,879
4	Мақтарал			3,691	22,052		1,305		13,000	0,172	16,900	
5	Ордабасы	7,225	6,074		19,500	0,427	1,292	156,358	10,400	0,170	15,606	11,830
6	Отырар				20,836	0,452			11,440			
7	Сайрам	7,224	6,306			0,459		154,198	11,570	0,170	16,740	11,928
8	Сарыағаш	7,170	5,984		22,336	0,425	1,305	156,358	13,000	0,167	15,639	11,879
9	Созақ		6,073			0,425			12,740			
10	Төлеби	7,179	6,072			0,428		156,037	12,350	0,166	15,606	11,869
11	Түлкібас	7,184	6,118			0,430		156,191	12,610	0,168	15,671	11,934
12	Шардара			3,641	24,776		1,300		13,650			
13	Түркістан қаласы	7,180			22,244		1,303	156,559	12,610	0,168	15,584	